

түсінісуге дәнекерлік рөл атқарып келеді. Осы тұрғыда Қазақстан-Қытай арасындағы білім мен ғылым саласындағы мәдени байланыстар тараптардың өзара түсіністігі нәтижесінде дамып, екі ел арасындағы аталған бағыттағы ынтымақтастық одан әрі жандана түсетіні сөзсіз.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Кәрібжанов Ж., Мұқаметханұлы Н. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2000-2010 жылдар). – Алматы: Қазақ университеті, 2013. - 254 б.
2. Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шарты / [Электрондық ресурс]. - қол жетімді: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z030000420>
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы 2015 – 2020 жылдарға арналған шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасы/[Электрондық ресурс]. – Қол жетімді: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001004>
4. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. –Б.457 / [Электрондық ресурс]. - Қол жетімді:<https://elbasy.kz/sites/default/files/pagefiles/2019-07/38c124e6864be4e165f7b53504281d9e.pdf>
5. Электрондық ресурс: <https://kaz.nur.kz/1751684-astanada-bir-beldeu-bir-zol-bastamasyny-ndestik-ni-atty-forum-tti-foto.html>
6. Сколько студентов РК в Китае? / [Электронный ресурс]. –Режим доступа:[https://kzaif.kz/dontknows/skolko\\_studentov\\_rk\\_v\\_kitae/](https://kzaif.kz/dontknows/skolko_studentov_rk_v_kitae/)
7. Практически все казахстанцы обучаются в китайских вузах за счет Пекина / [Электронный ресурс]. – Режим доступа:<https://kursiv.kz/news/obrazovanie/2019-05/>
8. Сколько иностранных студентов учатся в Казахстане / [Электронный ресурс]. – Режим доступа:[https://forbes.kz/process/education/skolko\\_inostrannyih\\_studentov\\_uchatsya\\_v\\_kazahstane/](https://forbes.kz/process/education/skolko_inostrannyih_studentov_uchatsya_v_kazahstane/)

## ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕСІ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРДЕГІ ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әбікенова А.Т., магистрант

Шотбакова Л.К., т.ғ.к., доцент

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі кезде әлемнің барлық елдерінде тарихи қалыптасқан «ер-азаматтардың әйелдерден артықшылығы» деген ұғым өзгерді. Дамыған өркениетті елдерде мүмкіншілігі жағынан әйелдер мен ерлердің құқықтары іс жүзінде теңесті. Әйелдер құқығы өмір сүруге, еркіндікке, өмір сүрудің жақсы деңгейіне, бірдей еңбек, бірдей ақы төлеу, білім алу және шешім қабылдауға құқығы бар деген адам құқығы ұғымның төңірегінде қарастырылады. Осыған орай халықаралық деңгейдегі гендерлік теңдік мәселесін қарастыратын бірқатар құжаттарды қарастыру және оларға талдау жасау өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осымен бірге, гендерлік теңдік мәселесі қазіргі заманның маңызды әлеуметтік проблемаларының бірі болып саналатындығын ескеру қажеттілігінің өзі аталған мәселенің халықаралық және ұлттық деңгейлердегі құқықтық нормаларына талдау жасауды қажет етеді. Осындай құжаттардың басым бөлігі әмбебап ұйым – Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) құрылымдарында қабылданған.

Мысалы, 1945 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясы аясында әйел-делегаттар әйелдердің проблемаларына арнайы назар аударуды талап етті. Сол кезде құрылған Адам құқықтары бойынша комиссия жанындағы Әйелдердің жағдайы жөніндегі шағын комиссия нәтижесінде 1946 ж. БҰҰ-ның Әйелдердің жағдайын жақсарту бойынша Дүниежүзілік Экономикалық және Әлеуметтік комиссия жанындағы комиссиясы болып қайта құрылған болатын [1, 3–7 бб.].

Арине, БҰҰ-ның адам құқықтары саласындағы ең маңызды құжаттарының бірі болып 1948 ж. қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы табылады. Бұл құжатта отбасының құндылығы және оның қоғам дамуындағы және әрбір адамды қалыптастырудағы ерекше рөлі анықталған. Қоғам мен мемлекет тарапынан отбасы мүшелері мүдделерін қорғау басымдығы туралы халықаралық құқық нормалары Еуропаның көптеген дамыған елдерінің конституциялық заңнамаларында толық көлемде көрініс тапқан [2].

1967 жылы халықаралық қауымдастық «Әйелдерге қатысты кемсітушілікті жою жөніндегі Декларация» қабылдаған болатын. Бұл Декларацияда адам құқықтары мәселесіндегі жетістіктерге

қарамастан (Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қабылдануына қарамастан) әйелдерге қатысты кемсітушіліктің тәжірибеде әліде болса сақталуы көрсетілген. Аталған Декларация міндеттейтін заңды күшіне ие болған жоқ, дегенмен 1979 жылы «Әйелдерге қарсы кемсітушіліктің барлық түрлерін жою жөніндегі Конвенцияның» өңделуі мен қабылдануының алғышарттарын жасап берді.

1979 ж. 18 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 34/180-ші резолюциясымен әйелдер құқықтары саласындағы басты құжат болып табылатын «Әйелдерге қарсы кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы» Конвенция қабылданды және бұл құжатқа 66 мемлекет қол қойғаннан соң, 1981 жылдың 3 қыркүйегінде аталған Конвенция өзінің күшіне енді. Бұл оқиға БҰҰ-ның әйелдер үшін жалпыға ортақ халықаралық құқықтық нормаларды қалыптастыру барысындағы қадамдарының жетістігі болып саналды.

Конвенцияның 2-ші бабына сәйкес конвенцияға қатысушы мемлекеттер әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрлеріне қарсылық білдіріп және осы кемсітушіліктерді жоюға бағытталған саясатты жүргізуге келіскен. Осымен қоса, Конвенцияның аталған 2-ші бабы барлық қатысушы мемлекеттерді ерлер мен әйелдердің теңдігі принциптерін өздерінің ұлттық конституцияларына немесе басқа сәйкес келетін заңнамаларына қосуға міндеттеді. Конвенцияның 17-бабына сәйкес Әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою бойынша комитет ресми түрде құрылды, оның міндеттеріне қатысушы-мемлекеттердің Конвенцияның ережелерін жүзеге асыруын бақылау кірді. Конвенцияны қабылдау барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық саяси мәселе ретінде қабылданды. Алайда № 19 Нұсқаулығында (1992) Комитет отырысының барысында әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық кемсітушіліктің бір түрі деп танылды [3]. Аталған Конвенцияны әйелдердің құқықтары жөніндегі халықаралық билл деп те атайды, себебі бұл құжат басқа Декларацияламен салыстырғанда әйелдердің құқықтарын жүзеге асырудың принциптері мен стандарттарын заңды түрде бекіткен.

БҰҰ Бас Ассамблеясы 1993 ж. 20 желтоқсанда әйелдерге қарсы қатыгездікпен қарауға жол бермеу туралы ережелері адам құқықтары туралы халықаралық-құқықтық нормаларға енгізілген құжат – «Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы декларациясы» қабылданды [4]. Декларация «әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық» терминіне кең түсіндірме берген бірінші халықаралық құжат болды. Оның тарихи маңызы құжатта зорлық-зомбылық мәселесі белгіленіп қана қоймай, сонымен қатар әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күрестің тәжірибелік шараларының да анықталуында болды. Ол мемлекеттер алдында мызғымас міндет — әйелдерді зорлық-зомбылықтың кез келген нысанынан қорғауды қамтамасыз ететін әрекеттердің ұлттық жоспарларын дайындау немесе сәйкес ережелерді қолданыстағы құжаттарға енгізу міндетін қойды.

Гендерлік теңдік мәселесіне байланысты маңызды халықаралық құжаттардың қатарына 1993 жылы адамдар құқығын қорғауға бағытталған Дүниежүзілік конференцияда қабылданған «Вена декларациясын» және «Іс-әрекеттер бағдарламасын» да жатқызуға болады. Аталған құжаттарда әйелдер құқығы «адамзат құқықтарының бөлінбес бөлшегі» деп қарастырылғандығын және халықаралық қауымдастықтың әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың болмауын қадағалауға баса назар аударғандығын анықтауға болады. Осымен бірге, аталған құжаттардың мазмұнында әйелдердің жеке басына қатысты күш қолданудың алдын алу, олардың қоғамдағы іс-әрекеттерін шектемеу, заңсыз түрде әйелдерді сату және қанауды тоқтату, жыныстық белгісі бойынша кемсітушіліктің орын алмауына байланысты мәселелер қарастырылған.

Өзімізге белгілі, 1995 жылдың қыркүйегінде Пекинде гендерлік мәселеге қатысты және 189 мемлекеттің делегаттары мен үкіметтік емес ұйымдардың 47000 өкілін біріктірген БҰҰ-ның Төртінші Дүниежүзілік конференциясы өтті. Осы конференция шеңберінде бірнеше маңызды құжаттар, соның ішінде «Пекиндік декларация» және «Іс-әрекеттер платформасы» қабылданды. Аталған тарихи құжаттарда әйелдер үшін мүмкіндіктер мен тең құқылық мәселелері қалыптастырылды. «Іс-әрекеттердің пекиндік платформасында» әйелдердің және қыздардың өзіндік еркіндіктері мен таңдауларын, құқықтарын, қанаусыз өмір сүру құқығын, шешім қабылдау үрдістеріне қатысуын және тең құндылыққа ие еңбегі үшін теңдей жалақы алуына қатысты құқықтары қарастырылды.

Осымен бірге, 2000 жылы БҰҰ-ның Мыңжылдық саммиті шеңберінде қабылданған «Мыңжылдық декларациясының» сегіз мақсатының бірі гендерлік теңдік мәселелеріне арналғандығын атап көрсету қажет.

Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаудың халықаралық-құқықтық тетіктерінің дамуы аясында осы саладағы ұлттық заңнамалар да дамыды. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде БҰҰ-ның осы негізгі құжаттарына қосылды және гендерлік теңдік саласындағы 14 құжатты ратификациялады.

Гендерлік саясат – қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Сондықтан да Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуды қолға алып, осы бағытта үлкен жұмыстар атқарды. Айталық, 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды [5]. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Елбасы әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндіктеріне назар аударды.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы әйелдер теңсіздігіне арнап көптеген құжаттар қабылдады. Солардың ішінде маңызды құжат ретінде 2003 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасын» айтуға болады. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтары мен міндеттерін белгілей отырып, кіріспесінде: «Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы, ол конвенцияның Қазақстанда орындалуы жөнінде БҰҰ-ның ұсыныстары, басқа да бекітілген халықаралық шарттар мен келісімдердің негізінде әзірленді», - деп көрсетілген [6].

Әйелдерге қатысты 2005 жылғы 29 қарашадағы Қазақстан Президенті Жарлығымен Қазақстан Республикасындағы гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді [7]. Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын жүзеге асыруға бағытталған негізгі құжат. Бұл құжат 9 бөлімнен тұрады:

- 1) Ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің нақты теңдігін қамтамасыз ету - уақыт талабы;
- 2) Қоғамдық-саяси өмірдегі гендерлік теңдікке қол жеткізу;
- 3) Экономикадағы гендерлік теңдікке қол жеткізу;
- 4) Гендерлік білім беру. Құқықтық және гендерлік оқу-ағарту;
- 5) Ерлер мен әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын бекемдеу;
- 6) Қоғамдағы жынысқа байланысты зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- 7) «Отбасындағы гендерлік теңдікке қол жеткізу. Отбасын нығайту және отбасындағы тәрбиенің рөлін күшейту;
- 8) Гендерлік сезімтал қоғамдық сананы жетілдіру;
- 9) Стратегияны іске асырудан күтілетін нәтижелер.

Бұл құжатта билік құрылымдарындағы әйелдер мен ерлерді теңдестіруді қарастырады. Оларға экономикалық тәуелсіздік үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бойынша өсу, білім беру саласына гендерлік білімді енгізу, өмір сапасын арттыру және тұрғындардың ұдайы өсімін қамтамасыз ету үшін жасөспірімдер мен әйелдердің, ерлердің репродуктивтік денсаулығын нығайту мен сақтау, жынысына қарай зорлық-зомбылық көрсетпей, отбасындағы міндеттер мен құқықтарды тең дәрежеде жүзеге асыру үшін жағдай жасау жатады.

Құжаттың тағы бір ерекшелігі әр бөлімнің жағдайын талдай отырып, яғни жан-жақты сараптама жасалып, оның күшті және әлсіз жақтары айқындалған, мүмкіндіктері мен қатерліктері көрсетіліп, стратегиялық міндеттер мен іс-қимылдар стратегиясы берілген. Аталған Стратегия он жыл барысындағы мемлекеттік қызметтің гендерлік саладағы негізгі бағыты болып саналды.

Стратегияны жүзеге асыру мақсатында 2009 жылы қазақстандық заңнаманың гендерлік бағытын күшейтетін 2 заң қабылданды. 2009 жылы 4 желтоқсанда «Тұрмыстағы зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Заң қабылданды [8]. Бұл заң адамдар мен азаматтардың отбасылық-тұрмыстық қатынастары саласындағы заңдық мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған құжат болып табылады. Қабылданған Заң әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу жолында шынайы құқықтық жағдай жасады.

2009 жылы 8 желтоқсанда Қазақстан Президенті «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңға қол қойды [9]. Заң мемлекеттік органдар басшыларына ерлер мен әйелдердің тәжірибелеріне, қабілеттеріне және кәсіптік даярлықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін, олардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ мемлекеттік биліктің заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарында тең серіктестік қатынастарының сақталуын міндеттейді.

Бұл заңның жетістіктерінің бірі – ерлер мен әйелдерге жынысына қарамай өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына қатысуларына тең құқық пен тең мүмкіндік бере отырып, шынайы қолжетімділікті қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе ретінде «гендерлік теңдік» ұғымын заңнамалық тұрғыда бекітуі болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының екінші жексенбісі «Отбасы күні» ретінде жарияланды. Президент отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани адамгершілік құндылықтарды нығайтудың 2015-2020 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ, Н. Назарбаев маңызды жұмыстың басты орталығы Президент жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия болуы тиістігіне тоқтала отырып, оның құрамын күшейту және жұмысына азаматтық қоғамның беделді өкілдерін тарту қажеттігін айтты.

2016 ж. 6 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтің жарлығына сәйкес «2030 жылға дейінгі Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясаттың Концепциясы» [10] бекітілген болатын. Аталған Концепцияға сәйкес қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы гендерлік саясат келесі принциптерге сәйкес жүргізілуде:

- жынысына қарамастан барлық экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық және саяси құқықтармен қолданудың теңдігін қамтамасыз ету;
- мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі гендерлік кемсітушілікке жол бермеу;
- гендерлік сананы қалыптастыру және қоғамдағы гендерлік стереотиптерді жою.

Қорыта келе, бүгінгі таңда құқықтың ең маңызды құндылықтарының бірі – бұл ерлер мен әйелдердің теңдігі болып саналады деп атау көрсетуге болады. Гендерлік теңдікті енгізу – бұл тек қана қарапайым әлеуметтік әділдіктің талабы емес және де демократияның қажетті құрамдас бөлігі емес, осылармен бірге, гендерлік теңдік бұл – адамзаттың тұрақты дамуының мақсаттарына жақындаудың мүмкіндіктерін жүзеге асыру және әділдік, адалдық пен толеранттылық принциптерінің негізінде қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру болып саналады.

Гендерлік теңдік мәселесінің халықаралық және ұлттық құқықтық нормалары толық қалыптасқан деген тұжырым шығаруға болады. Мұның өзі демократиялық және гендерлік бағытталған қоғамды дамыту жолындағы маңызды әрі шешімді қадамдарды жасап берді.

#### Пайдаланған әдебиеттер

1. Международные документы по защите прав женщин // Учебно-методический комплекс по курсу «Введение в теорию гендера». — Алматы, 1999. — Вып. VII. — 47 с.
2. Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 года / [https://www.un.org/ru/documents/decl\\_conv/declarations/declhr.shtml](https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml)
3. Конвенция о ликвидации всех форм дискриминации в отношении женщин // <https://www.un.org/womenwatch/daw/cedaw/text/0360795R.pdf>
4. Әйелдерге қарсы кемсітушілікті жою жөніндегі комитеттің баяндамасы. Жетінші сессия. — Нью-Йорк, 1988. — 135 б.
5. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1998 жылғы 22 желтоқсан N 4176 // <http://www.akorda.kz/kz/o-nacionalnoi-komissii>
6. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы // <http://egov.kz/cms/kk/law/list/P030001190>
7. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U050001677>
8. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы N 214-IV Заңы / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000214>
9. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы / <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z090000223>
10. Концепция семейной и гендерной политики в Республике Казахстан до 2030 года / <https://adilet.zan.kz/eng/docs/U1600000384/compare>